

Б.Т. Мырзақұлов*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,**Алматы, Қазақстан.**E-mail: bauyrzhanmyrza@mail.ru**ORCID: 0000-0003-1205-456X***ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ САН МӘНДІ СИМВОЛИЗМ ҮЛГІЛЕРІ**

Аңдатпа. Мақалада VIII ғасырда араб тілінде жазылған «Китабул-му'амма» (Құпия тіл кітабы) шығармасында негізі қаланған, кейіннен Шейх Ахмет Құдайдад Таразидің парсы тілінде жазылған «Фонун әл-бәлағә» (Көркем сөз өнері) кітабында кеңінен сөз болатын әрі орта және соңғы ғасырлардағы түрік халықтарының жазба ескерткіштері мен кейінгі қазақ әдебиетіндегі «муамма» жанрының үлгілері зерттеу нысанына алынған. «Муамма» – шығыс әдебиетінде кездесетін жанрдың бір түрі. Қазақ тілінде «бүркемелеу», «құпиялау», «жасыру» деген мағыналарды білдіреді. Бұл әдіс арқылы автор шығармада өз атын ашық айтпай, тіпті әдеби тахаллусын (псевдоним) да келтірмей, есім-сойын белгілі бір санмен береді. Сондай-ақ шығарманың жазылған уақыты секілді нақты күнтізбелік (даталық) яки басқа да сандық ақпараттарды да белгілі бір сөзбен айшықтайды. Ал ол сандар мен сөздердің өзара байланысы араб тіліндегі әбжат ілімі арқылы жүзеге асады. Бұған шығыс әдебиетінің жауһар туындыларынан бөлек, арғы-бергі кезеңдегі қазақ әдебиетінен де біршама мысалдар келтіруге болады. Атап айтқанда, Ш.Жәңгірұлы, Ш.Құдайбердіұлы, М.-Ж.Көпейұлы, Е.Раушанов, Е.Жүніс, А.Елгезек, Б.Сәрсенхан, М.Мыса секілді ақындардың шығармаларындағы аталмыш жанрдан туатын сан мәнді символизм элементтері анықталып, оларға салыстырмалы-типологиялық, компаративистік және герменевтикалық талдаулар жасалады. Қазақ поэзиясында «муамма» жанрының үлгілері біршама кездесе де, бұл әдеби түр әлі күнге дейін қазақ әдебиеттануында арнайы зерттелмеген. Біз осы зерттеу жұмысын жүргізу арқылы қазіргі заман поэзиясын жаңа қырынан тануға, қазақ поэзиясындағы модификация (форма, ырғақ, стиль) құбылысын бағамдауға және ақындардың жұмбақ әлеміне дендеп енуге мүмкіндік аламыз.

Алғыс. Бұл мақалаға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржылық қолдау көрсетті (AP13067815 грант).

Кілт сөздер: қазақ поэзиясы, ақын, муамма, әбжат, өлең, жанр, модификация

Б.Т. Мырзақұлов*Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова**Алматы, Казахстан**E-mail: bauyrzhanmyrza@mail.ru**ORCID: 0000-0003-1205-456X***Образцы числовой символизм в казахской поэзии**

Аннотация. Статья основана на произведении «Китабул-муамма» («Книга тайного языка»), написанном на арабском языке в VIII веке, позднее написанном на персидском языке шейхом Ахметом Кудайдадом Тарази «Фонун аль-Балаг» («Искусство изящного слова») и широко выраженные в средних и последних веках письменные памятники тюркских народов и образцы жанра «муамма» в позднейшей казахской литературе. «Муамма» – жанр восточной литературы. По-казахски это означает «маскировка», «тайна», «спрятать». Используя этот метод, автор дает свое имя и фамилию с определенным номером, не упоминая в произведении открыто его имя, даже не упоминая его литературный псевдоним. Он также объясняет конкретную календарную (дату) или другую числовую информацию, например время

написания произведения, с помощью определенного слова. А взаимосвязь чисел и слов реализуется посредством преподавания Абджата на арабском языке. Помимо шедевров восточной литературы, можно привести несколько примеров из казахской литературы прошлого периода. В частности, значимые элементы символизма, вытекающие из указанного жанра, в творчестве таких поэтов, как Ш.Жангирулы, Ш.Кудайбердиулы, М.-Ж.Копеюлы, Э.Раушанов, Э.Жунис, А.Элгезек, Б.Сарсенхан, М.Мыса выявлены и проведены сравнительно-типологический, компаративистский и герменевтический анализы. Хотя примеры жанра «муамма» довольно распространены в казахской поэзии, этот литературный жанр в казахском литературоведении специально не изучался. Проведя данное исследование, мы получим возможность по-новому взглянуть на современную поэзию, оценить феномен модификации (формы, ритма, стиля) в казахской поэзии и войти в загадочный мир поэтов.

Благодарности: Статья выполнена при финансовой поддержке Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант AP13067815).

Ключевые слова: казахская поэзия, поэт, загадка, прием, стихотворение, жанр, модификация.

B. T. Myrzakulov

M.O. Auezov Institute of Literature and Art

Almaty, Kazakhstan

E-mail: bauyrzhanmyrza@mail.ru

ORCID: 0000-0003-1205-456X

Patterns of numerical symbolism in kazakh poetry

Abstract. The article is based on the work «Kitabul-muamma» («The Book of the Secret Language») written in Arabic in the 8th century, later written in Persian by Sheikh Ahmed Kudaydad Tarazi «Fonun al-Balag» («The Art of Fine Words») and widely expressed in the middle and last centuries written monuments of the Turkic peoples and examples of the genre «muamma» in the later Kazakh literature. «Muamma» is a genre of oriental literature. In Kazakh it means «disguise», «secret», «hide». Using this method, the author gives his name and surname with a certain number, without openly mentioning his name in the work, not even mentioning his literary pseudonym. He also explains a specific calendar (date) or other numerical information, such as the time of writing the work, with the help of a certain word. And the relationship between numbers and words is realized through teaching Abjat in Arabic. In addition to the masterpieces of oriental literature, several examples can be given from Kazakh literature of the past period. In particular, significant elements of symbolism arising from the mentioned genre in the works of poets such as Sh.Zhangiruly, Sh.Kudaiberdiuly, M.-Zh.Kopeyuly, E.Raushanov, E.Zhunis, A.Elgezek, B.Sarsenkhan, M.Mysa were identified and comparative-typological, comparativistic and hermeneutic analyzes are made. Although examples of the genre «muamma» are quite common in Kazakh poetry, this literary genre has not been specifically studied in Kazakh literary criticism. Having conducted this study, we will be able to take a new look at modern poetry, evaluate the phenomenon of modification (form, rhythm, style) in Kazakh poetry and enter the mysterious world of poets.

Acknowledgements: The article was supported by the Scientific Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (grant AP13067815).

Keywords: Kazakh poetry, poet, riddle, device, poem, genre, modification.

1. Кіріспе

Қазіргі қазақ поэзиясындағы үлкен орны бар ақындардың бірі – Есенғали Раушанов. Оның 1991 жылы жарық көрген «Ғайша бибі» жинағына «Өзбектің көне ғұламалары, Әбжәтті жаттап ес білген...» (Раушанов, 1991: 107) деп басталатын өлеңі кірген. Әр шумағы кезекті ұйқаспен жазылған өлеңде ақын жастайынан жүрегіне шапағат толып, сүюді жырлауды өмірдік мақсат еткенін және әбжат ілімі мен Құранның өшпес махаббатына айналғанын атап өтеді. Әрине, ол үшін оған

эбжат ілімімен сусындаған өзбек әдебиетінің жарық жұлдыздары – Мір-Әлішер, Завхи, Бабур секілді шайырлардың әсері мол болған. Тіпті ақын жырда олардың қайраткерлік істеріне жеке-жеке тоқталып, өзбектің көне ғұламаларындай бола алмағанына налиды. Сөз соңында:

*Басқа теңізде тербелді кемем,
Күмеді басқа жағалар,
Жақын көремін сендерді неге,*

Соны айтыңдаршы, бабалар? (Раушанов, 1991: 107) – деп бұл ұлы тұлғалардың есімі мен рухани мұрасы қазақ пен өзбекке ортақ екенін айтқысы келеді. Және өлеңнің өн бойынан әр сөзін эбжат ілімімен сабақтаған арда халықтың даналық дәуірін аңсау да сезіледі. Содан «шығыс пен батыстың ежелден келе жатқан көне сарындарын жетік меңгеріп, ғасыр қойнауындағы поэзияның тылсым сырларын ұлттық сүзгіден өткізіп, келісті, кестелі жырларымен өзінен кейінгі буынға ұстаз» (Қуатбекұлы, 2023: 224) болған ақынның көксеген бабалар тағылымын Ақжан Машановтың «Әл-Фараби» атты тарихи-деректі кітабынан оқи аламыз. Бұл шығарма Әбу Насыр әл-Фарабидің әкесімен бірге медресеге келіп, шәкірттерге сабақ беріп тұрған ұстазының мына сөздерімен басталады: «*Абжад есебін үйренбегені адамға қандай зор қасірет еді... «АБЖ(А)Д», – деді. «Көзің көріп дерменде, қолың жетпей шерменде» деген сол-дағы... Бұл не? Сиқыр ма әлде? «Сиқырласаң да білу керек» дейді-ау... Я, «Шындықты білуші Аллаһи» деп тоқтады. Әлбетте, шексіз ғаламның сырын адам қалай біле алсын...»* (Машанов, 1970: 8-9). Біз бұл мысалдардан орта ғасырлардағы ғұлама балаларымыздың ғылым және өнерде эбжат ілімі мен «муамма» жанрын кеңінен қолданғанын көреміз. Оған әл-Фарабидің «геометрияға да поэзияға сияқты шабат керек» деген сөзі де дәлел.

Тарихқа тағы көз тастасақ, Самарқандтағы Регистан кешенінің ерекше ғимараттарының бірі – Шердар медресесін Жалаңтөс Баһадүр салдырғаны мәлім. Бұл білім ордасының ішкі қабырғасында әділдігімен, батырлығымен аты шыққан Самарқанд әмірі – Жалаңтөс Баһадүрдің құрметіне мадақ жыр жазылған: «*...Осы құрылыстың іргесін Жалаңтөс Баһадүр қалағандықтан, ғимараттың тұрғызылған жылы «Ялаңтуш Баһадүр (Жалаңтөс Баһадүр) жылы» деп аталады»* (Кайргалиева, 2019: 61). Оқырман көкейінде сұрақ тууы заңды: күнтізбеде жүрген «Жалаңтөс Баһадүр жылы» деген қандай жыл? Әлбетте, мұндай жылдың жоқ екені бесенеден белгілі. Сондықтан біз бұл жырдағы «Ялаңтуш Баһадүр» (Жалаңтөс Баһадүр) сөзінің мәнін эбжәт ілімі арқылы анықтап көреміз. Содан «*یلنگتوش بهادر* – Ялаңтуш Баһадүр» (Жалаңтөс Баһадүр) сөзінің эбжәт мәні – хижра күнтізбесінің 1028 жылына тура келсе, ал ол григориан күнтізбесінің 1619 жылына сәйкеседі.

Өзбек ғалымы Жалалиддин Жураевтың түрік тілінде жарық көрген «XX. yüzyıl özbek edebi yatında muamma türü» атты мақаласында да тақырбымызға сай көптеген мысалдарды келтіруге болады. Мәселен, ол «Аллаһ» есіміне жасалған «муамма» үлгісін келтіреді:

*Yarim ismin sorsang, ey azurdä cân,
Lâladän birni alib qoy başığa, bolğay äyân* (Juraev, 2023: 30).

Аудармасы:

Жарымның есімін сұрасаң, ...

«Лаләдан» бірін алып қой басына, болғай аян.

Мұндағы «Лалә» (لآل) деген сөздегі екі «ләм» (ل) әрпінің ортасындағы «әлиф» (ا) әрпін сөздің басына шығарсақ, онда «Аллаһ» сөзі пайда болады.

Әлбетте, мұндай әдіс Шәді төре Жәңгірұлының «Хайбар» қиссасының соңғы шумақтарында да келеді. Онда ақын дастанның кім жазғанын, яғни өзінің есімін «муамма» әдісі арқылы жасырып айтады:

...Үш жүзін ол әріптің ортасына,

Бір менен төртті қойып айлаңыз жат (Қазыналы Оңтүстік, 2013: 191).

Бұл дастан «Қазыналы Оңтүстік» жобасының 79-томының 2-кітабында Жүсіпбек Шайхысламұлының шығармасы ретінде жарияланған. Бірақ Қазан қаласында жарық көрген бұл дастанның соңындағы «муамма» үлгісі шығарманың нақты кімдікі екенін айқындай түседі. Аталмыш томды дайындаушылар дастандағы «*Әбжаттың хисабымен атымды айттым*» деген жолды «*Әбжаттың хисабы мен атымды айттым*» деп оқып, және әбжат есебімен айтқан «300, 1, 4» деген сандарға мән бермеген. Әбжат ілімінде «Ш – 300», «А – 1», Д – 4» деген мәндерге ие. Демек, Шәді есімінің әбжәт мәні – 305 болады.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада салыстыру, жүйелеумен бірге жанрлық-типологиялық, тарихи-салыстырмалы, объективті-аналитикалық талдау әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ поэзиясындағы мазмұндық, түрлік ізденістерді саралауда бірсыпыра ақындардың шығармалары тақырыптық тұрғыда жүйеленді, өзара салыстыра талданды. Ақындардың шығармаларында көтерген тақырыптар өзара салыстырыла зерттелді. Қазіргі қазақ поэзиясындағы сан мәнді символизм үлгілері алдыңғы заман ақындарының өлеңдерімен салыстырылды. Өлеңдердегі мазмұндық және түрлік ізденістерді ғылыми саралауда объективті-аналитикалық талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясындағы модификация (форма, ырғақ, стиль) құбылысының орын алуындағы «муамма» жанры мен сан сәнді символизм үлгілері сараланады. Сонымен қатар аталған талаптарға саятын қазақтың ескі және жаңа заман әдебиетінің шығармаларына компаративістік және герменефтикалық талдаулар жасалады. Күніміздегі кейбір бөгенайы бөлек поэзиялық еңбектердің көркемдік қыры зерделеніп, генезисі анықталады. Тамырын түркі-мұсылман елдерінің ортақ әдеби жәдігерлерінен тартатын сан мәнді символизм үлгілері ХХ ғасыр басындағы және қазіргі қазақ поэзиясында біршама көрініс тапқан. Оны біз мақаланың кіріспе және талқылау бөлімдерінде кеңінен қаузамаймыз. Зерттеу жұмысы арқылы шығармашылық иесінің өлеңдегі сан арқылы айтпақ болған ойы мен дітін анықтап, автордың сырға бүккен жұмбақ жанының құпиясын тануға болады.

3 Талқылау.

Қазіргі қазақ поэзиясының өкілі – Ерлан Жүністің қара өлең үлгісінде жазылған «Ақын-пойыз» жырында автор өзі мен жүрдек пойызды қатар алып қарастырған. Мың екі жүз шақырымдық Астана мен Алматының арасын жалғап, талай

тағдырларды тоғыстырып, бастарын қосқан пойыздың ісіне ерекше сүйінеді. Тіпті жүріп келе жатқан пойыздың тамбурдағы жолаушыларын теңселткенінен ой түйіп, «пойыз-досын» өзінен гөрі ақынырақ деп бағалайды. Содан өзіне бұрылып:

Ал мен ше, мен өзімді бос алдаймын,

Өлеңді өзімменен қоса алдаймын.

Миллионды миллиондарға қосу түгіл,

Төртке екі оған бірді қоса алмаймын (Жүніс, 2014: 15), – дейді.

Ақын қарапайым арифметикалық қосу амалымен шығарылатын есепке неліктен сонша бас қатырады? Төртке екіні қосса – алты, ал оған бірді қосса – жеті емес пе? Иә, бұл көрер көзге солай. Ал өлеңнің астарына үңілсек, бұл жолдардан ақынның есепке шорқақтығын емес, оның жан күйзелісі мен өртенген өкінішін анық байқаймыз. Ендеше, ақынның өзіне ғана мәлім бұл сандардың сыры неде? Біздіңше, жырдағы үш бөлек айтылған сандарда үш түрлі мән жатыр, яғни төрт те, екі де, бір де – жеке-жеке әлемдер. Ал мұндағы бір дегенді – ақынның өз әлемі, өзіндік мені деуге де болады. Шынтуайтында, бұл үш әлем жекеленгісі келмейді, бірақ тағдырдың тауқыметінен бөлінген, ажыраған, ал ақын осылардың басын қосуға талпынады. Ақын сағынышқа толы тағы бір өлеңінде алақанда аялаған үш әлеміне еміне тіл қатады:

...Үш әлем, киелі ұштаған – үш ғалам,

Беріңдер, беріңдер, беріңдер күш маған!!! (Жүніс, 2014: 281).

Сондықтан да «алтау ала болса, ауыздағы кететінін» жақсы білген ақын өмір жолында жалғыздықтан артық жақыны жоқ екенін «Ақын-пойыз» өлеңінің соңында былайша түйіндейді:

...Бұл жолдар менен гөрі данышпан ғой,

Бұл пойыз менен гөрі ақын екен! (Жүніс, 2014: 16).

Ерлан ақын да жалғыздықпен қанша жолдас болса да, жанына біреудің серік болғанын, өзі де біреудің жанына жалау болғанды қатты қалайды. Сондықтан да ақын мұңға толы бір өлеңінде:

Бүгін өлең жазылмады, жазбадым,

Жазар жанға аз ба уайым, аз ба мұң?!

Дүниедегі екі бір де арманым,

Жеті бір де боздағым (Жүніс, 2014: 193), – дейді. Бұл шумақтағы «екі бірде арман» мен «жеті бір де боздақ» оқырман ойын сан-саққа жүгіртуі мүмкін. Десе де ақын бұл сандар арқылы өмірдегі ет жақындарына деген ыстық сезімін білдірген деп топшылаймыз. Ақын тағы бір өлеңінде өмірдегі «арман құсынан» дертіне дәрмен тілегендей үн қатады:

Қарғам-ау, сен жүрген жердің ауасы,

Жеті жылау, бес боздаудың дауасы (Жүніс, 2014: 257).

Өлеңдегі «басқатырғыш» секілді әсер қалдыратын сан аралас ақын сөздері «Бегім беске келгенде» атты жырда аз-кем ашықтала түскен:

...Ақынмын десем – жалғызбын,

Әкемін десем – бесеумін,

Адаммын десем, нешеуім?!. (Жүніс, 2017: 35).

Мұнда Ерлан ақын Абай атасындай «адамзаттың бәрін бауырым деп сүйетін» әрі «атын адам қойған» нағыз адаммын десем, онда менің өмірім адамзаттың тағдыры-

нан бөлек емес дегенді айтқысы келгендей. Яғни әлемде қанша адам мұнданса, Ерлан Жүніс те сонша рет қайғырады деген сөз.

Көктемді құлай сүйген ақын өз көктемдеріне көрік сыйлауға, оларға тілекші болуға асығады. Сондықтан ол өз көктемін әспеттеген бір өлеңінде:

Бұл көктем – бойжеткен секілді,

Бойжеткен он екі жасында (Жүніс, 2014: 310), – десе, тағы бір өлеңінде оларды сұқ көз бен сұғанақ қолдардан сақтағысы келеді:

...Мен сені қалайша қорғаймын,

Екі мың он екі көктемі?! (Жүніс, 2014: 310).

Өкінішсіз өмір болмайтынын түйсінген ақын басқа бір өлеңінде жан гүлінің ерте солғанын қайғыра еске алады:

...Алғашқы көктемнің гүлі,

Алтышы көктемде семді? (Жүніс, 2014: 190).

Ақын өлеңдерінде жардай жалғыздығы мен өзіне жақын жандардың қилы тағдырын және солардың алдындағы дәрменсіздігі мен қимас сезімін белгілі бір сандарды сөйлету арқылы бере білген. Е.Жүністің сан мәнді символизм үлгісіне тән өлеңдері мұнымен шектелмейді. Ендеше ақынның форма және стильдік жақтан тың ізденістерге барғанын көрсететін «Қарашаның жетісі» өлеңіне көз салып көрейік:

Туған жерден 26 миль.

Қауыс.

Жұлдыздар ауысқан түн.

...Фаренгейт: 19.4.

Жөтел.

Дерт.

Өтер.

«Миледи, кофе қайнатыңызшы»... (Жүніс, 2014: 104).

Міне, бұл – ақынның қазақтың дәстүрлі өлең үлгісінің шеңберінен шығып, еркін көсілген, тынысы бөлек шығармасы. Осы тұста жырдың алғашқы жолына назар аударсақ, ең алдымен, Е. Жүністің қайда туғанын анықтап алуымыз керек. Сонда өлеңдегі кейіпкердің қайда, қай кеңістікте тұрғанын немесе ақынның бұл өлеңді қайда тұрып жазғанын анықтай аламыз. Е. Жүніс Алматы облысы Жымбыл ауданында өмірге келген. Демек, 1 миль – 1.6093 км-ге тең екенін есепке алсақ, онда ақынның өлеңді туған жерінен 41.843 км (26 миль) қашықтықтағы Алматы қаласында жазғаны мәлім болады. Ал өлеңдегі кейіпкердің яки ақынның жөтел тиіп, дерт қысып, ыстық кофе ішкісі келгеніне қарап, оның қай мезгілде отырғанын аңдау да қиын емес. Өлеңнің тақырыбынан бөлек, жырдағы бір деталь бізге мұның құпиясын аша түседі: «*Фаренгейт: 19.4.*». Ауа температурасын өлшеуге арналған бұл өлшем бірлік бойынша 19.4 дәреже бізде кең қолданыстағы цельсий бойынша «-7» дәрежеге тең. Суық қоғамнан жылу таппай жанымен қоса тәні де бүрсең қаққан ақынның «Қарашаның жетісі» – туған күніндегі масаң күйі мен мейірімге зәру кейпі былайша көрініс тапқан:

Шашымнан

сипаңызшы... Күнім!

Ол – менің күнім!

Бүгін

Еркелетуіңізге болады, миледи!.. (Жүніс, 2014: 105).

Ақынның бірыңғай риторикалық сұрақтардан тұратын, яғни іштей екіге жарылып, екі әлем болып айтысқан, өзімен-өзі сұхбат құрған тоғыз циклді «Дуалогтар» шығармасының мына жолдары біздің еріксіз назарымызды аударады:

– Берірек итерші тауды.

– Тсс... Жұлдыздар шоқынып отыр.

– Мм... Сағат жиырма беске ауды (Жүніс, 2014: 113).

Бір тәулікте 24 сағат бар екенін білсек те, оқырман ретінде өлеңдегі 25-сағатқа сенгің келеді (қаперіңе кино өнеріндегі 25-кадр әпсанасы түседі). Тіпті өз ойында ақын айтқан бұл тылсым уақытты түн ішінен іздеп бағасың. Әлде ақын мұнда уақыт ішіндегі уақытты немесе уақыт тысындағы бір уақытсыздық кеңістігін айтқысы келді ме екен? Осы тұста Мұхаммед пайғамбардың миғраж сапарынына уақыт кеңістігінен шығып, жаратылыстың шегінен асып Жаратқанның құзырына барғанын есімізге алсақ, онда Ерлан ақынның құлшылыққа мүлгіген жұлдыздарының кіші миғраж жасап, олардың экстаз күйінде балбырап тұрғанына иланасың. Мұны Құранның «Рахман» сүресіндегі мына бір аят та растайды: «Өсімдік, (жұлдыз), ағаш Оған сәжде етеді».

Жыр додасында Ерлан Жүніспен қатар шабыт атын қамшылап келе жатқан Ақберен Елгезектің өлеңдерінен де «муамма» жанрына тән кепті жиі ұшыратамыз. Мәселен, ол «Аяз» өлеңінде:

...Сөнген жұлдыз сәулесіндей мына аяз,

Сүйіктімнің қарғысындай мына аяз,

«Тоғыз грамм қорғасындай» мына аяз.

Мен де – аязбын,

Сынар болсаң, сына, Аяз! (Елгезек, 2021: 82) – деп табиғаттың ең өктем құбылыстарының бірі – қыстың қақаған аязымен қарсыласып бағады. Әлбетте, бұл жерде ақын бет қарыған үскірік аязды айту арқылы өзі өмір сүрген қоғамның да бет-бейнесінен хабар беріп тұр. Тарихтағы қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ ханы Қонтажыға: «Мен – көмір, сен – темір, еріткелі келгенмін... Сен – қабылан, мен – арыстан, алысқалы келгенмін» деген сөзіндей рухты естелетін Ақберен жыры да оқырманды шамырқандырмай қоймайды. Ал өлеңде аязға түрлі эпитеттер үстеп, соның ішінде оны «тоғыз грамм қорғасынға» теңеуінен, ақынның сан мәнді символизм элементін бейсаналы түрлі қолданғанын көреміз. Анығында, ақын мұнда «тоғыз грамм қорғасын» деп мылтықтың оғын айтқысы келіп тұрғаны анық. Осылайша, ақынның бет қаратпай тұрған аяздың кәрін қарша бораған жаудың оғына теңеуі сәтті шыққан.

А.Елгезектің «Кофе және темекі» өлеңінде түн қараңғылығымен арпалысқан ақын жанының күресі әсерлі баяндалады. Жеті қараңғы түнде кофеханада жападан-жалғыз отырған ақын жанын тек қана ыстық кофе мен көк түтіні будақтаған темекі ғана түсінетіндей. Сондықтан да ол жан сөзін:

...Кофе және темекі –

Менің адал достарым (Елгезек, 2021: 97) – деп бастайды. Және ол уақыттың «Сағат түнгі он екі...» (Елгезек, 2021: 97) болғанынан хабар беріп:

*Жоғалады таңертең,
шамнан түскен көлеңкем*

және қара аспаным (Елгезек, 2021: 97) – деп шаттанады. Осы кезде ақын жарықтың қараңғыны жеңіп, түннің маужырап ұйқыға кеткенін, бір сөзбен айтқанда таңның атқанын былайша сипаттайды:

*...сығырайр түн көзі,
суып қалған кофеден...* (Елгезек, 2021, 97).

Осы өлеңде ақын өткен күн мен келер күннің түйіскен нүктесі – түнгі сағат 12-іні үміттің елшісіндей көреді. Өйткені, ақын өкінішпен өткен күнге салауат айтып, келер күннен үлкен жақсылық күтеді. Осы тұста Светқали Нұржанның да «12» ұғымын сәтті қолданғанын айтқанымыз жөн. Ол жазушы Әбіш Кекілбайұлының қазасына арнаған өлеңінде:

*... Хақ уәдесі! –
Сөйлемеймін мен екі:
Жалғандықтың күні сөніп,
Ақиқат*

таңы атады – жанды бөлеп құрсаңға,

Сағат түнгі болған шақта – 12!!! (Нұржан, 2021: 216), – деп зұлмат күшке қарата үн қатады. А. Елгезек Ұлы Тәңірдің шексіз құдіреті мен он сегіз мың ғаламның жаратылу хикметіне ой жүгірткен бір өлеңінде:

Сансыз ғаламнан тұратын

Шексіз Ғарыш – бір атом (Елгезек, 2021, 103), – деп толғайды. Расында, бүгінгі дамыған астрофизика ғылымы сансыз ғаламның бір ғана тарыдай нүктенің қуатты жарылысының нәтижесінде пайда болған деп тұжырым жасап, оны «Ұлы жарылыс (Big Bang) теориясы» деп атағаны мәлім. Ал шығыс шайырларының бірі – Қожа Хафиз өз ғазалдарының бірінде:

Шираздағы түркі аруын періштеге теңер ем,

Бір меңіне Самарқанд пен Бұхараны берер ем (Хафиз, 1986: 28), – деп түркі аруының ноқаттай сұлу меңін – шексіз ғарыштың бастауы болған «бір атомға» теңеген деген көзқарас бар. Сондықтан да Ақбереннің осындай ғылыми негіздерге сүйеніп, шексіз ғаламды – бір атомнан бастау алған деп ой қорытуы құба-құп.

Құранда Алла Тағала әлемді жарату үшін бар болғаны «Кун» (бол) деп әмір етеді дейді: «Егер де бір нәрсені (жаратуды) қаласа, бар әмірі: «Бол!» деп айту ғана хәм ол бола қалады (дәл солай бір сөзбен өліні қайта тірілте де алады)» (Ясин, 82). Демек, ғаламның жаратылу негізінде Алланың әмірі, яғни сөзі жатыр деген сөз. Бұл жайтты Мәшһүр Жүсіп «Кәф пен Нун» деген өлеңінде кеңінен баяндайды:

*Болмасын есіл сөзім бояқ пен бөз,
Сен – бір сурет болғанмен: тіл, құлақ, көз.
«Кәфті нунға қосалық – Кун» дейді зой,
Екеуі қосылумен болсын көп сөз.*

«Кун», – дейді Құдай өзі: «Бол», – деп айтты,
«Біріңмен бірің тойып, тол!» – деп айтты... (Көпейұлы, 2003: 25).

Мәшһүр Жүсіп мұнда араб тіліндегі «кун», яғни «бол» деген бұйрық сөздің «кәф» (к) және «нун» (н) деген екі әріптен құралғанын айтып тұр. Діни сенімде Алла Тағала әуелі осы екі әріпті жаратып, одан кейін осы екі әріптің басын қосып, «кун» (бол) деп барша ғаламды жаратқан делінеді. Ал Шәкәрім Құдайбердіұлы бұл ойды дамытып:

*Шошыма достым сөзімнен,
Сөз – Құдайдан шыққан бу* (Құдайбердіұлы, 2008: 330) – дейді.

Ал Ақберен ақын Ілжілдің ««Ең әуелі сөз болған, сол сөз Құдай болған» деген сөзін эпиграф алған «Сөз» атты өлеңінде жаралмыш әлемге түрткі болған Алланың кәлам-құдіреті жайында былайша толғанады:

*Алдымен Сөз!
Содан кейін барлығы,
Солай еді Хақ-Тәңірдің жарлығы* (Елгезек, 2009: 112).

А.Елгезек жоғарыда тілге тиек еткен «бір атом» туралы өлеңінің жалғасында:
Мейірбан менің Тәңірім,

Өзі – Ғалым, Өзі – ақын, (Елгезек, 2021: 103) – деп ғаламды кемшіліксіз әрі теңдессіз гармониямен жаратқан мейірбан Тәңірдің құдіретіне бас иіп, оны Ғалым әрі Ақын деп ұлықтайды. Алланың Құранда келген 99 көркем есімінің ішінде Ғалым аты ерекше дәріптеледі. Бірақ оның ішінде Құдайдың «ақын» деген есімі жоқ. Бірақ, Ақберен өзінше жыршының әсем өлеңіндей көркем өрілген әлемді жоқтан бар еткен Құдіретті – Ұлы ақын деп атағанды жөн көреді. Ақын «Төрт әріп» өлеңінде есімі төрт әріптен тұратын оқырманға белгісіз сүйіктісіне өз сезімін паш етеді:

*...Төрт әріптен есіміңді құрап ап,
Әр тамшыға суретіңді салдырғам.
...Төрт әріптен құралатын атыңды,
Бар сәулемен жазып қойдым Аспанға!* (Елгезек, 2021: 338-339)

Абайдың «Әлифби» өлеңін еске түсіретін Ақберен өлеңіне тағы бір құлақ тұрейікші:

*Арасында әріптердің көнерген,
Сені іздедім жұмбақталған өлеңнен...* (Елгезек, 2021: 338).

Енді Абайдың өлеңіндей құпиясын ішіне бүккен бұл жырды Хафиз ғазалымен де қалыстырып көрелік:

*«Нун» иіліп сұқтанған «Әліф» бейне мүсінің,
Көрген көздің жәуін бір алып тұрғай, іләйім* (Хафиз, 1986: 40)!

Мұнда парсы ақыны хас сұлудың паң тұлғасын араб тіліндегі тік сызықпен берілетін «Әлиф» әрпімен сипаттаса, шығыс шайырларынан нәр алған Тұрмағамбет Ізтілеуұлы араб әріптерімен өз бойындағы Алланың жасырған қазына-сырларын ашуды көздейді:

*Алла аты абайласаң қолыңда тұр,
Жазуы Мұхаммедтің формыңда тұр...* (Ізтілеуұлы, 2007: 8)
*Мен, өзім – мұсылманмын, қолым – Алла,
«Қалай»? – деп, халыққа көрсет, қолыңа ал да...* (Ізтілеуұлы, 2007: 12)

Расында, адамның оң қолының жазылған бес саусағы сыртынан қарағанда «Аллаһ» деген жазуды, ал адамның екі қолын басына жастап, оң бүйірмен тізесін орташа бүккен халде жатуы «Мұхаммед» деген жазуды білдіреді. Әлбетте, бұл салыстырулар Ақбереннің ақындық әлемін жақыннан тани түсуге септігін тигізери анық.

Ал енді аға бауынның ізін жалғап келе жатқан ақындардың бірі – Батырхан Сәрсенханның сан мәнді символизм үлгісінде жазған «Елегізу» өлеңіне кезек берсек:

...Кетсем бе,

Құдай ақы, бос пәтерде,

Үш жүз мың сегіз рет нысады ішім! (Әдебиет порталы, 2017).

Бұл жырдың астарынан қатарынан ерте есейген ақынның өзі өмір сүрген қоғамға көңілі толмайтынын әрі айналасындағы адамдар мен олардың бос істері оның ішін көп пыстыратынын байқаймыз. Мұндағы «үш жүз мың сегіз» (300 008) саны жоспарсыз жай ғана буын үндестігі үшін алынса да, өлеңге жарасымды ырғақ мен көптік мән үстеп тұр. Мұндай ақындық көңіл-күйді Мақтымқұлы Пырағының өлеңдерінен де көре аламыз:

...Теңіз қаишты, адам қалды ақылап,

Төрт жүз жылда төзе білмес бұл дертке (Мақтымқұлы, 2014: 51).

Батырхан ақынның «Жұмбақ арал» поэмасы – Тәкен Әлімқұловтың Абайдың ақындық құпиясын ашу мақсатында жазған «Жұмбақ жаны» секілді сүйекті шығарма. Адам жанының тылсым сырына шым батырып, адам рухының терең қатпарларына бойлатады. Бұл шығарма ақиқатты айқайлап айтпайды. Жырда ақын әрбір ересек адамның ішінде періштедей пәк бала өмір сүруі керек дейді. Сонда ғана адам өзінің шынайы болмысы мен тазылығын сақтай алмақ. Кімде-кім балалығынан, яғни баланың жанындай тазалығынан айырылса, бала көңіліне қайрылмаса, балалығынан қол үзсе, ол адам жолынан адасады деп тұжырым жасайды. Яғни ақын «мәңгілік жан деп танылған көне рух ұғымы жағымсыз, қорқынышты емес. Бұл тек екі әлемді байланыстыратын элемент» (Аймұхамбет, Жұмағазина, Дәлелбекқызы, Айтуғанова, Сейпутанова, 2021: 210) деп қарайды:

...Жақын бар балалыққа бұл өмірде,

сол өмір шын бақытқа ұласады! (Айбоз, 2022: 40).

Осылайша Батырхан ақын «Жұмбақ арал» поэмасында оқырманды балалықты ұмытпауға шақырса, ал Мұхтар Шаханов «12 – 3 = ?» атты туындысында адам өміріндегі жастық шақтың маңызын ұғуға үндейді. Бұл шығармада бір патшаның «не қалады он екіден үшті алса?» деген жұмбағына көп адам «тоғыз болады» деп жауап беріп, сыннан сүрінеді. Тек ақылды адам ғана «он екіден тоғызды алса, ештеңе қалмайды», яғни адам өмірінің көктемі болған жастық шақты жоқ қылсақ, онда өмірдің мәні жойылады дейді:

...Әйтсе де, оны жұмбық деуге болмайды

Заңдылық – ол. Заңды білмеу – зор қайғы.

Егер, егер он екіден үшті алсақ,

Ештеңе де қалмайды (Шаханов, 2003: 139).

Бұдан бөлек бақытты да баянды өмір сүру үшін әрбір адам өзінің өткізген әрбір күнінен есеп алып отыру керек. Ол үшін Абайдың «Егерде есті кісілердің

қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» деген сөзін естен шығармау лазым. Бұл тұрғыда ақындардың атаулы жасқа келгенде немесе өмір жолы соңына таяғанда толғатып өлең жазбағандары кемде-кем. Мәселен, Қожа Ахмет Ясауидің бір жастан алпыс үш жасқа дейінгі өмірін сипаттап жазған хикметінен бастау алған бұл үрдіс кейінгі ақындарға әсер еткен.

Ал қазақтың аяулы ақын қызы Мақпал Мыса «Отыз екінші көктем» өлеңінде өткен өмірінен ой түйеді:

Өткені күннің қинайды-ау,

Сенетін болсаң дегенге.

Бір мүшел жаста сыймады-ау,

Отыз екі жолдық өлеңге (Мыса, 2022: 67), – деп ғұмырдың қысқалығы сондай, отыз екі жасың отыз екі жол өлеңге сыймай қалады дейді. Осы ретте Шәкәрімнің үш бөліктен тұратын өмірді үш-ақ ауыз өлеңмен қайырғаны еске түседі:

Өмірдің басы – бала, ортасы – адам,

Қартайып шал болған соң кетті шамаң.

Мақтап жүрген өмірің осы болса,

Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тәмам (Құдайбердіұлы, 2008: 40)

Шәкәрім тағы бір өлеңінде былай дейді:

Жылым – қой, жұлдызым – июль,

Жасым – жеті жүз он жеті ай.

Толық алпыс болады жыл,

Қосылса июнь, апрель, май.

Қазақшылап есеп қылсам,

Бесінші мүшелім – бұл сан.

Өмір қанша, өлім қанша,

Емес ол біз білерлік жай (Құдайбердіұлы, 2008: 262)

Ал Шәкіріммен түйдей құрдас Мәшһүр Жүсіп өлер шағында жазған «Жылым – қой, биыл жасым – жетпіс үште» деп басталатын өлеңінде былай деген:

Мың тоғыз жүз, міне, отыз бірінші жыл,

Жылқы кетті, қой келді, мұны ырым қыл.

Қойдан қоңыр заманды бір көрмексің,

«Қой анасы бестен деп» деп бусайшы бел (Мәшһүр, 2013: 90).

Бұл жолдардан Мүшһүр Жүсіптің әулиелік қасиеті мен өлеңде сан мәнді символзм үлгісін шебер қолданғанын байқаймыз. Ол қанша жас өмір сүретінін «73-ке дейін балталасаң да өлмеймін, 73-тен кейін сұрасаң да тұрмаймын» деп нық сеніммен айтып, өлерінен он жыл бұрын өзіне қабір қаздырып, бір жыл алдын дүйім жұртқа өз атынан ас бергізеді. Және алдағы заманда орын алатын дүрбелеңдерді ескертіп, елдің ол қан майдандардан аман шығып, бес мүшел, яғни алпыс жыл өткенде жаңа ұрпақтың қойдан қоңыр заманға жететінін сүйіншілейді. Расында, Мәшһүр Жүсіп қайтыс болған жылға бес мүшелді қоссақ, қазақ елінің Тәуелсіздік алған жылына дөп келеді: $1931 + (12 \times 5) = 1931 + 60 = 1991$.

4. Қорытынды

Мақалада қазақ әдебиеттануында көп айтылмай жүрген сан мәнді символизм үлгілерінің бірі – «муамма» хақында сөз болды. Сондай-ақ бұл жанрдың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталып, шығыс поэзиясы мен қазақ әдебиетінде кездесетін үлгілеріне талдау жасалды. Шығыс әдебиетінен әсерленген ХХ ғасыр мен қазіргі заман қазақ ақындарының шығармаларында кездесетін сырлы сандық мәндер мен құпия сөздер әбжат ілімі мен герменевтикалық әдіс арқылы түсіндірілді. Сонымен қатар зерттеу нысанына алынған қазіргі заман ақындарының шығармалары салыстырмалы-типологиялық әдіс арқылы талданды. Соның нәтижесінде қазақ поэзиясындағы модификация (форма, ырғақ, стиль) құбылысының орын алуындағы «муамма» жанрының үлгілері сараланды. Аталған талаптарға саятын қазақтың ескі және жаңа заман әдебиетінің шығармаларына компаративистік талдаулар жүргізіліп, күніміздегі кейбір бөгенайы бөлек поэзиялық еңбектердің көркемдік қыры зерделеніп, генезисі анықталды.

Әдебиеттер:

1. Айбоз: Ұлттық әдеби сыйлығы. Жинақ. – Алматы: ЖК «Жаксылыкова А.А.», 2022. – 440 б.
2. Aimukhambet Zh., Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S., Seiputanova A. (2021) Mythical symbolism in structure of meta-text // ASTRA Salvensis, Supplement no. 1. – 199-210 pp. EID: 2-s2.0-85107032435 Part of ISSN: 23441887 23934727
3. Әдебиет порталы: «Батырхан – жұлдызы жоғары ақын». https://adebiportal.kz/kz/news/view/batyrhan-zuldyzy-zogary-aqyn_2739, 2017.
4. Жүніс Е. Үміт жырлары. Өлеңдер. – Алматы: «Хантәңірі», 2014. – 324 б.
5. Жүніс Е. Арманшыл таңның бұлттары: өлеңдер. – Алматы: «Толғанай Т», 2017. – 160 б.
6. Juraev J. XX. yüzyil özbek edebiyatında muamma türü. *Türkologia*, №1(113), 2023.
7. Елгезек А. Шаһар кезген: Өлеңдер. – Алматы: Дәуір, 2021. – 400 б.
8. Елгезек А. Көлеңкелер күбірі: Өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2009. – 152 б.
9. Мактымқұлы П. Таңдамалы (түрікмен тілінен аударған Д.Қанатбаев). – Ашхабат: Ылым, 2014. – 256 б.
10. Машанов. А. Әл-Фараби: Тарихи-деректі кітап. – Алматы: Жазушы, 1970. – 248 б.
11. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 2-том. – Алматы: «Алаш», 2013. – 434 б.
12. Мыса М. Құрақ көрпе: Өлеңдер, поэмалар, баллада. – Алматы: «Дәуір», 2022. – 216 б.
13. Нұржан С. Көкірегім – көне кітап: өлеңдер жинағы. – Нұр-Сұлтан: «Өрнек» баспасы, 2021. – 390 б.
14. Раушанов Е. Ғайша бибі: Өлеңдер, баллада, поэма. – Алматы: Жазушы, 1991. – 232 б.
15. Шаханов М. Эверестке шығу. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. – Алматы: Атамұра, 2003. – 272 б.
16. Кайргалиева Г., Бегісбаев Ә.Х. Досмұхамедов еңбектеріндегі Жалаңтөс батыр жайындағы мәліметтер. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы, №1 (52), наурыз 2019, 58-62 бб.
17. Хуатбекұлы Е., Құрманбаева А.П. Қазіргі поэзиядағы рецептивтік эстетика. «Керуен» No2, том 79, 2023. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-08>
18. Көпейұлы М.-Ж. Көп томдық шығармалары. 1-том. – Алматы: «Алаш», 2003. – 504 б.
19. Қазыналы Оңтүстік. – Алматы: «Нұрлы Өлем», 2013. Т. 79: 2-кітап. – 304 б.
20. Құдайбердіұлы Шәнкәрім шығармаларының үш томдық жинағы: Қажыма, ойым, қажыма. – Алматы: Халықаралық абай клубы, 2008. Т. 1: Өлеңдер. – 408 б.
21. Хафиз. Ғазалдар / Ауд. Ә.Жәмішев. – Алматы: «Жазушы», 1986. – 272 б.
22. Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. Т. 2. – Алматы: «Жазушы», 2007. – 328 б.

References:

1. Aiboz: (2022) National Literary Award. Collection. – Almaty: JK “Zhaksylykov A.A.”. – 440 p. (in Kaz).
2. Aimukhambet Zh., Zhumagazina A., Dalelbekkyzy A., Aituganova S., Seiputanova A. (2021) Myptical symbolism in structure of meta-text // ASTRA Salvensis, Supplement no. 1. – pp. 199-210. EID: 2-s2.0-85107032435 Part of ISSN: 23441887 23934727. (in Eng).
3. Literary portal: (2017) “Batyrkhan is a poet with a high star”. https://adebiportal.kz/kz/news/view/batyrxan-zuldyzy-zogary-aqyn_2739. (in Kaz).
4. Zhunis E. (2014) Songs of hope. Poems. – Almaty: “Khantangiri”. – 324 p. (in Kaz).
5. Zhunis E. (2017) Clouds of a dreamy morning: poems. – Almaty: “Tolganay T”. – 160 p. (in Kaz).
6. Juraev J. (2023) XX. 100 years is a type of «muamma» in Uzbek literature. Turkology, No. 1(113). (in Uz).
7. Elgezek A. (2009) Murmur of Shadows: Poems. – Astana: Foliant. – 152 p. (in Kaz).
8. Elgezek A. (2021) The city wanderer: Poems. - Almaty: Daur. – 400 p. (in Kaz).
9. Maktimkuli P. (2014) Selected (translated from Turkmen by D. Kanatbaev). – Ashgabat: Ilym. – 256 p. (in Kaz).
10. Mashanov. A. (1970) Al-Farabi: A historical-documentary book. – Almaty: Zhazushy. – 248 p. (in Kaz).
11. Kopeiuli M.-Zh. (2013) Multi-volume works. Volume 2. – Almaty: “Alash”. – 434 p. (in Kaz).
12. Mysa M. (2022) Reed blanket: Poetries, poems, ballads. – Almaty: “Daur”. – 216 p. (in Kaz).
13. Nurzhan S. (2021) My chest is an ancient book: a collection of poems. – Nur-Sultan: “Ornek” publishing house. – 390 p. (in Kaz).
14. Raushanov E. (1991) Gaisha Bibi: Poetries, ballads, poems. – Almaty: Zhazushy. – 232 p. (in Kaz).
15. Shakhanov M. (2003) Climbing Everest. Poetries, ballads, poems. – Almaty: Atamura. – 272 p. (in Kaz).
16. Kairgalieva G., Begisbaev A. (2019) Information about the hero of Jalangtos in the works of H. Dosmukhamedov. Bulletin of Atyrau State University named after Khalel Dosmukhamedov, No. 1 (52), pp. 58-62. (in Kaz).
17. Khuatbekuly Y., Kurmanbayeva A.P. (2023) Receptive Aesthetics in Modern Poetry. Keruen scientific journal. № 2, 79 vol, 2023. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2024.2-08>. (in Kaz).
18. Kopeiuli M.-Zh. (2003) Multi-volume works. Volume 1. – Almaty: “Alash”. – 504 p. (in Kaz).
19. Treasured South. (2013). Almaty: “Nurly Alem”. Vol. 79: Book 2. – 304 p. (in Kaz).
20. A three-volume collection of Kudaiberdiuly Shakhkarim’s works: (2008) “Kazhyma, oyim, kazhyma”. – Almaty: International Abay Club, Vol. 1: Poems. – 408 p. (in Kaz).
21. Hafiz. (1986) Gazals / Aud. A. Zhamishev. – Almaty: Zhazushy. – 272 p. (in Kaz).
22. Iztileuuly T. (2007) Works. T. 2. – Almaty: “Zhazushy”. – 328 p. (in Kaz).